

ТАРИХТЫ ТҮСІНУ ЖОЛДАРЫ: ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАС

Шалдарбекова Айша Бақташқызы

М.Әуезов атындағы ОҚЗУ-ң доценті, философия ғылымдарының кандидаты,
Еркінұлы Талғат

М.Әуезов атындағы ОҚЗУ-ң доценті м.а., философия докторы (PhD)

Ибраева Нурила Амировна

М.Әуезов атындағы ОҚЗУ-ң доценті, философия ғылымдарының кандидаты, Шымкент, Қазақстан

Ғылыми еңбектерде «тарих» көбінесе «өткен әлеуметтік шындық» ретінде қарастырылады, яғни бұл адамдардың өткен қоғамдық өміріндегі оқиғалар мен жетістіктерінің жиынтығы. «Тарих» - санасы мен ерік-жігері бар, алдына белгілі мақсаттар мен міндеттер қоятын адамдар әрекет ететін қоғамды қарастырады» [1, 18 б.]. Ол адамзат пайда болғаннан бері оның өткен жолын, жасаған әрекеттерінің барлығын білдіреді және сонымен бірге ол өткен уақытқа қатысты «білім» болып табылады. «Тарих» ұғымы «тарихи сана» мен «тарихи жады» сияқты ұғымдармен мәндес. Адамның тарихты жазудағы мақсаты — біріншіден, өткенді терең түсініп, қателіктерді қайталамау және жетістіктерді одан әрі дамыту үшін одан сабақ алу; екіншіден, болашақ ұрпаққа өзі және өз заманы туралы дерек қалдырып, өзінің шыққан тамыры мен мәнін түсіндіру.

Егер «тарих» терминінің философиялық түсіндірмелеріне назар аударсақ, онда олар көптеген тарихшылардың дәстүрлі көзқарастарынан өзгеше болады. И.Гердер, Г.Гегель, М.Вебер, К.Ясперс, Р.Арон сияқты ойшылдардың еңбектерінде «тарих» ұғымы әлеуметтік философияның маңызды категорияларымен байланысты қарастырылады. Философияда «тарих» — бұл адамзаттың рухани, әлеуметтік, саяси және мәдени дамуының мәні мен мақсатын түсіну үдерісі ретінде қаралады. Сондықтан өткен оқиғалар арқылы адамзатқа тәлім беретін және болашаққа бағыт-бағдар көрсететін ілім.

Архивтік материалдарға, құжаттарға, археологиялық және жазба дереккөздерге сүйенетін «Тарих ғылымы» – өткен оқиғаларды, деректерді, тұлғаларды, фактілерді зерттейтін эмпирикалық ғылым [2, 22 б.]. Ал тарих философиясы – тарихтың мәнін, заңдылықтарын, бағыттарын және даму себептерін түсіндіруге тырысатын философиялық сала. Тарих философиясы жеке мемлекеттер мен ұлттардың тарихын немесе дүниежүзілік тарихты зерттеумен шектелмейді. Тарих ғылымының тарих философиясынан айырмашылығы, оқиғалар мен тарихи фактілердің қай кезде болғанының уақыттық реттілігін сақтауы керек. Ал тарих философиясы белгілі бір логикалық және концептуалды құралдар жүйесіне ие, оның көмегімен тарихи процестің философиялық-тарихи бейнесі ашылады. Мұнда «прогресс, әлеуметтік детерминизм, өркениет, құқық, формация, қоғамдық қатынастар, географиялық факторлар, себеп-салдар, өзіндік сана және тарихи сана» сияқты ұғымдар қарастырылады. Бұл — ең жоғарғы деңгейдегі абстракция теориясы, дегенмен ол объективті шындықты дәл әрі терең жеткізуге қабілетті.

Кейбір тарихшылар тарих философиясы сияқты тарих ғылымының да өзіне тән категориялары бар екенін айтып, оны теориялық пән ретінде қарастырады. М.А.Барг мысал ретінде «әлемдік-тарихи», «жергілікті-тарихи», «тұтастық», «құрылым», «процесс» деген ұғымдарды атап көрсетеді. Дегенмен ол тарих ғылымының адамзаттың дүниежүзілік-тарихи даму заңдылықтарын емес, оқиғалардың реттілігін қарастыратындығын айтып, ал егер заңдылықтарды зерттеу міндеті қойылса, онда бұл тарих философиясының саласына жататындығын атап көрсеткен.

Тарих философиясы тарих ғылымының жетістіктерінсіз дамуы мүмкін емес. Ол нақты фактілер мен шынайы деректерді білмей, ғылыми тұрғыда жалпылама қорытынды жасай алмайды. Сондықтан ол әрқашан тарих ғылымының нәтижелеріне сүйенуге мәжбүр. Сондықтан кейбіреулер тарих философиясы тарих ғылымының әртүрлі салаларындағы тарихшылар жинаған барлық фактілік және эмпирикалық мәліметтерді жинақтап, жалпылауға тиіс деп есептейді. Бірақ тек алынған нақты білімді жинақтау тарих ғылымына жаңа идея немесе түсінік әкелмейді. Сонымен қатар, дайын білімді жинақтап, жүйеге келтіруді тарихшылардың өздері де жақсы орындай алады. Ендеше тарих философиясының шынайы міндеті неде? Енді осы сұраққа нақты жауап беріп, тарих философиясының ерекше қызметін айқындау қажет.

Шын мәнінде философтардың жасайтын жалпы тұжырымдарына тарихшылар жиі күдікпен қарайды. Тарихшылар өткен оқиғалар мен құбылыстарды олардың барлық даралығымен және

нақтылығымен зерттеуге ұмтылады. Тарихшылар философтарды жалпылау әдістерін нақты тарихи оқиғалар мен құбылыстарға қолдануы мүмкін деп қорқады. Сондықтан олар әсіресе табиғат заңдарын зерттеуге бағытталған жаратылыстану ғылымдарының әдістерін тарихты зерттеуде қолдануға мүлде қарсы екенін де атап өту керек.

Екінші жағынан, жалпылау жасауда тәжірибесі бар философтар тарихшылардың еңбектерін бағалағанда, олардың көбінесе тарихи фактілерді тек сипаттап, жүйелеумен шектеліп, ғылыми тұжырымдары аз болады деп сын айтады. Осы себепті тарихшылар мен философтар арасында мұндай келіспеушіліктер үнемі туып отырады.

Тарих философиясы тарихи ойлаудың негізіндегі жалпы схемалар мен идеяларды зерттейтіндіктен, оның көзқарасы тарихшының көзқарасынан әлдеқайда кең болады. Тарих ғылымы объективтілік сақтай отырып, тек өткен туралы мәліметтерді ұсынса, тарих философиясы өткенді қазіргі заманмен және болашақпен байланыстыра отырып, одан сабақ алуға шақырады. Ол тарихи оқиғаларды тек өткенмен шектелмей, қазіргі және болашақ мәдениеттің кең контекстінде қарастырады, кездейсоқтық пен маңызды нәрселерді айыра отырып, тарихи дамудың негізгі бағыттарын нақтылап, жүйелі түрде көрсетеді. Мысалы, екінші дүниежүзілік соғысты алайық. Тарих ғылымы оның нақты себептері мен соғыс кезінде болған фактілерді зерттейді. Ал тарих философиясы бұл соғысты қазіргі әлемдегі бейбітшілік пен халықаралық қатынастарды түсінумен байланыстырады. Яғни, өткен соғыс тәжірибесінен сабақ алып, қазіргі қоғамда соғыс қайталанбауы үшін қандай әрекеттер қажет екенін және болашақта адамзатқа қандай қауіптер төніп тұрғанын талдайды. Осылайша, тарих философиясы өткенді болашақпен байланыстырып, оқиғалардың маңыздылығын кеңірек түсінуге көмектеседі.

Тарих философиясы үнемі даму үстінде болады. Тарих философиясының негізгі міндеттері туралы көзқарастар мен адамзат тарихын философиялық түсінудің мүмкіндіктері туралы көзқарастар да өзгеріп отырады. Тарих философиясын таным теориясының бір саласы ретінде қарастырған жөн. Тарихты зерттеуде танымның ролі өте зор. Ол турасында К.Поппер «Тарихтың барысын болжауға тырысу – бос әурешілік. Өйткені тарихтың дамуы білімнің дамуына тәуелді, ал біз болашақтағы білімімізді бүгін болжай алмаймыз» [3, 270 б.], -дейді. Поппер тарихты ғылыми дәлдікпен болжауға болмайтынын, өйткені адамның танымы мен білімі үнемі өзгеріп отыратынын атап көрсетеді.

Салыстыра келе тарихшы мен философтың қандай да бір оқиғаны түрлі контекстте қарастыратынына көз жеткіздік. Оны дәлелдей түсу үшін бір мысал келтірсек: XX ғасырдың басындағы Алаш қозғалысын тарихшылар мен философтар екі қырынан алып қарастырады. Мәмбет Қойгелдиев, Қойшығара Салғараұлы сияқты зерттеушілер Алаш қозғалысының **шығу себептерін, қатысушыларын, құжаттарын, саяси бағдарламасын** нақты зерттеді. Алаш партиясының құрылу кезеңін, **тарихи хронологиясын**, кім не істегенін анық көрсете білді. Алашорда үкіметінің қызметін **деректер арқылы дәлелдеді**. 1917 жылы құрылған Алаш партиясы мен Алашорда үкіметін қазақ халқын отарлық езгіден құтқаруға тырысқан, қазақ жерінде ұлттық автономия орнатуды мақсат тұтқан әрекеттер ретінде көрсетті. Бұдан байқайтынымыз, **тарихшы үшін маңыздысы: Алаш қай кезде, қандай жағдайда, кімдердің қатысуымен, неге құрылды? – деген сұрақтардың жауабын ұсыну. Ал бұл оқиғаны философтар басқа қырынан қарастырды. Олар Алаш идеясын жай саяси қозғалыс емес, қазақ халқының рухани оянуы, ұлттық өзіндік сана-сезімінің көрінісі деп қарастырады. Алаш қайраткерлерін ұлттың болашағы туралы ой қозғаған, еркіндік пен әділет жолындағы ізденушілер ретінде сипаттайды. Алаш идеясының тарихтағы маңызы мен қазіргі ұрпақ үшін философиялық сабағын іздейді. «Алаш» ұғымын философиялық категория ретінде сипаттап, Алаш идеясы – ұлттық өзін-өзі тануының негізі» деп баға берген. Бұдан байқайтынымыз, философ үшін маңыздысы- «Алаш қозғалысының терең рухани және ұлттық мәні неде? Ол идея бүгін де өміршең бе?»-деген мәселелер екеніне көз жеткізе аламыз.**

Осылайша тарих философиясы — бұл тарихты түсіну мен талдауға бағытталған ғылым саласы. Ол тарихи процестің объективті заңдары мен рухани-адамгершілік мағынасы туралы, тарихтағы адамдардың маңызды күштерін іске асыру жолдары мен адамзаттық тұтастыққа қол жеткізу мүмкіндіктері жайлы сұрақтарға жауап беретін философияның бір бөлімі болып табылады.

«Тарих философиясы» терминін ғылыми айналымға енгізген француз ағартушысы Франсуа-Мари Аруэ Вольтер, бірақ тарихи дамудың жалпы заңдылықтарының болуы туралы мәселені көтеріп, қазіргі мағынадағы «Тарих философиясы» терминін неміс педагогы Иоганн Готфрид Гердер өзінің «Адамзат тарихы философиясының идеялары» атты еңбегінде дамытты.

Г. Гегель де тарих философиясымен айналысты. Ол «Әлемдік философиялық тарих» ұғымын ғылымға алғаш енгізгендердің бірі болды [4, 110 б.]. Гегель тарихты үш негізгі түрге бөлді: 1) бастапқы немесе түпнұсқа тарих; 2) ой жүгіртетін (рефлексивті) тарих; 3) философиялық тұрғыдан

жазылған тарих. Г.Гегельдің пікірінше, тарих философиясы тарихтағы жалпы заңдылықтарды іздеуге бағытталған. Мұндағы ең басты принцип – ақыл. Гегель үшін тарихтың түпкі мақсаты- еркіндікті анықтау.

Тарих философиясы бүкіл адамзат тарихын біртұтас, әлемдік тарих ретінде қарастыруды қолдайды. Антик дәуірде әртүрлі халықтар өздерін басқалармен байланыста қарастырған жоқ. Яғни оларды ортақ ұлт немесе прогресс идеялары төңірегінде біртұтастықта қарастыра алмаймыз. Алайда, христиандықтың пайда болуымен барлық адамдардың тарихын тұтас ұғым ретінде қабылдау дәстүрі қалыптасты. Бұл ортақ түсінік – адамдардың Құдай тарапынан жаратылғандығы, Құдай алдында тең болуы, күнәға батуы және Қиямет күні жауапқа тартылуы, сондай-ақ тозақ пен жұмақ мәселелерінің барлық адамға ортақтығы адамзатты ішкі біртұтастыққа біріктірудің шартын қалыптастырды. Сондықтан да, көп ғалымдар тарих философиясының алғашқы жүйесі тек христиандық дәуірде ғана қалыптасты дегенмен келіседі.

Тарих философиясының адамзат тарихын қалай қарастыратындығын тарих философиясының түрлі типтерін сипаттап беру арқылы көрсетуге болады. Біріншісі онтологиялық, материалды немесе субстанционалды тарих философиясы деп аталады. Онтологиялық тарих философиясы бойынша тарих — тек оқиғалар жиынтығы емес, ол — бүкіл болмыстың, адамзат пен әлемнің мәнін ащатын әмбебап процесс. Болмыстың табиғатында «не бар?» деген сұрақты тарих арқылы түсіндіреді. Тарихты белгілі бір **ішкі мәнге, заңдылыққа, мақсатқа** ие процесс ретінде көреді. Тарихтың **мақсаты** немесе **соңы бар** (мысалы, «еркіндікке жету», «ақыл-ойдың дамуы») деген мазмұнда қарастырады.

Рефлексиялық тарих философиясы тарихтың танымдық ерекшелігін түсінумен айналысады. Рефлексиялық тарих философиясы тарихи фактілер мен оқиғаларды тану мәселелерін алға шығарады. Оның өкілдері (Дильтей, Зиммель, Коллингвуд, Арон, Брэдли, Кросе және т.б.) тарих философиясының пәні ретінде тарихи өткенді зерттеудің логикалық-теориялық және әдіснамалық мәселелеріне назар аударды. Мысалы, Француз революциясын (1789 жылғы) дәстүрлі тарих: Бұл революция 1789 жылы басталды, себебі халық кедей болды, билік әділетсіз еді, т.б. дей отырып, оқиғаларды нақты ретімен баяндайды. Ал рефлексиялық тарих философиясы: Бұл революция неге маңызды болды? Ол адамзаттың бостандыққа, теңдікке деген ұмтылысын көрсетті ме? Ол адам санасында қандай өзгеріс әкелді? Француз халқы өздерін енді қалай сезінді? Адамзат тарихында бұл оқиғаға қандай философиялық, мәдени мән берілді? Деген мәселелерді ашады. Яғни, бұл бағыт тарихты адамның ішкі дүниесі, идеялары, құндылықтары тұрғысынан саралайды. Сонымен, **рефлексиялық тарих философиясы** — бұл тарихты түсіндіруде адам санасының, ойлауының, көзқарастарының маңызын алға қоятын философиялық бағыт.

- **Теологиялық тарих философиясы** тарихтың қозғаушы күші Құдай деп есептеп, тарих Құдайдың алдын ала жазып қойғаны деп қарастырады. Тарихты **Құдайдың еркімен болатын, белгілі бір құдайлық жоспармен жүретін** үдеріс деп түсіндіреді. **Христиандық тарих түсінігі** — теологиялық философияның айқын мысалы.

- **Метафизикалық тарих философиясы** тарихтың қозғаушы күші ретінде трансценденттік заңдылықты немесе тағдырды қарастырады.

- **Идеалистік тарих философиясы** тарихтың қозғаушы күші деп идеяларды немесе адамның рухани өмірін есептейді. **Яғни**, адамзат тарихын «**ақыл, сана, рух** немесе идеялар жасайды» деген түсінік. Бұл философияда **идея** — **басты рөлде**, ал материалдық жағдайлар — екінші орында дегенмен шамалас. Мысалы, «Бостандық», «Әділет», «Мораль», «Ар-намыс», «Дін» сияқты **рухани ұғымдар** — тарихты алға жылжитатын күштер.

- **Натуралистік тарих философиясы** қозғаушы күштер сапасында адам табиғатын қарастырады. Ол тарихты табиғи (биологиялық, географиялық, климаттық) заңдылықтарға сүйене отырып түсіндіретін бағыт. Бұл көзқарас бойынша, адамзат тарихының дамуына **табиғат әсер етеді**: адамның мінез-құлқы, қоғамның құрылысы, өркениеттің дамуы — бәрі **табиғи ортаға** байланысты. Тарих **рухани не идеялық себептермен емес**, көбінесе **табиғи қажеттіліктермен** дамиды. Мәселен **Гиппократтың географиялық фактор туралы көзқарасы бар екенін білеміз**. Гиппократ әр халықтың мінезі **олар тұратын жердің табиғатына** байланысты болады деген. Салқын климаттағы халықтар — батыр, шыдамды. Жылы аймақтардағылар — жұмсақ мінезді, өнерге бейім деп көрсетеді. Міне бұл **натуралистік көзқарас**. Осындай көзқарасты Ш.Л.Монтескье де қолдаған.

-**Материалистік-экономикалық тарих философиясы** тарихтың қозғаушы күштері деп экономикалық қатынастырды есептейді. Бұл көзқарасты **Карл Маркс** пен **Фридрих Энгельс** дамытқан. «Олардың ойынша тарихты сана, рух немесе идеялар емес, материалдық өмір, яғни

өндіріс, еңбек, экономикалық қатынастар жасайды» [5, 85 б.]. Адамдар мен таптар арасындағы экономикалық қақтығыс (тап күресі) — тарихтың қозғаушы күші.

Тарихшылар мен философтар арасында жиі туындайтын пікірталастар мен келіспеушіліктер олардың өзара тығыз байланысты екеніне күмән келтірмейді. Ойымызды И. Лакатостың тарих философиясы мен тарих ғылымының арақатынасына қатысты пікірін мысалға ала отырып қорытсақ: «Тарих философиясы тарих ғылымынсыз бос қуыс, ал тарих ғылымы тарих философиясынсыз көр соқыр».

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шалдарбекова А.Б. Тарих философиясы. Оқулық. - Шымкент: М.Әуезов атындағы ОҚУ, 2025. – 144 б
2. Репина Л.П., Зверева В.В., Парманова М.Ю. Тарихи білім тарихы. Оқулық. Ұлттық аударма Бюросы қоғамдық қоры. - Нұр-Сұлтан, 2020. -300 б.
3. Ахметов С.С., Джаамбаева Б.А. Объективное знание и «открытое общество» К. Поппера в современном информационном поле. Вестник Карагандинского университета. Серия «История. Философия». № 2(110)/2023.
4. Ивин А. Философия истории. Учебное пособие.- М.: Гардарики, 2000. -200 с.
5. Джонстон Д. «Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін» / Ғылыми ред. Нуршышева Г.Ж. – Астана, 2018.– 216 б.

УДК 316.42

РАССУДОЧНЫЙ И РАЗУМНЫЙ АСПЕКТЫ БЕЗОПАСНОСТИ ЧЕЛОВЕКА

Шуматов Эльдар Галимжанович

Академия гражданской защиты имени М. Габдуллина Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан, начальник факультета очного обучения, Кокшетау, Казахстан

Шуматова Меруерт Маратовна

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, докторант, Астана, Казахстан

Человек, начиная с возникновения первых обществ и по сегодняшний день, всегда решал вопросы безопасного своего существования. Существование человека с природной точки зрения защищено на уровне индивида инстинктом самосохранения, а на уровне вида – функцией репродукции.

Летопись истории совместного существования людей, к сожалению, имеет печальные страницы, когда один род, племя или даже народность могла полностью физически уничтожить другие социальные группы. Однако, современная ситуация с возможным самоуничтожением человечества в результате например ядерной катастрофы по-своему неповторима. При этом вопрос о том, является ли атом мирным или нет, несущественен. В независимости от альтернативы – последствия одинаково разрушительны для жизни не только человека, но и всего живого на Земле. Проблема безопасности имеет не просто планетарный, а космический масштаб! Именно в рамках современного общества вопросы безопасности актуализировались как никогда.

Возникает вопрос: «Почему именно современное общество не смогло должным образом выработать механизмы своего безопасного существования?» А также какие механизмы, факторы или какие-либо другие причины препятствовали и до сих пор препятствуют этому.

Согласно Э. Гидденсу, социальные структуры – это правила и ресурсы для воспроизводства социальных систем. Если социальные системы, управляемые социальными структурами, в социальном пространстве и времени имеют практику воспроизводства, то у акторов социальных действий формируется чувство онтологической безопасности (Ontological security) [1]. Тем самым воспроизводство социальных практик гарантирует знакомый, свой, родной горизонт бытия, то есть у социального субъекта – актора – формируется доверительное отношение к социальному миру. Естественно, поэтому все механизмы воспроизводства имеют одобрение со стороны общества, а все что угрожает воспроизводству таит в себе опасность, и подпадает под строгий запрет – табу.

Вопросы обеспечения безопасности не просто пронизывают жизнедеятельность отдельного человека и общества, но формируют и образуют определенную сферу – пространство безопасности,